

## 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 05 сәуірдегі N 60 Қаулысы. Сарысу аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 13 мамырда 6-9-117 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 19-бабына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығына және «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 03 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарға, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтарға 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне мерзімді әскери қызметке шақыру жүргізілсін.

2. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және жүргізу үшін келесі құрамда аудандық шақыру комиссиясы құрылсын:

Байділдаев Ерғұлан Шәріпбайұлы	- «Жамбыл облысы Жаңатас қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша)
Тоқсанбаева Мағия Жұмабайқызы	- Сарысу ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары;
Айнекова Гүлжан Дүйсенбайқызы	- «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының Сарысу орталық аудандық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша).

Комиссия мүшелері:

Жұмағұлов Бақытжан

- «Жамбыл облысының ішкі істер департаменті Сарысу ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша);

Сыдығалиев Ахмад Мамытұлы

- «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының Сарысу орталық аудандық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының оташы-дәрігері, дәрігерлік комиссия төрағасы (келісім бойынша).

3. «Жамбыл облысының Ішкі істер департаменті Сарысу ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (келісімі бойынша) қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Осы қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оны алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Тоқсанбаеваға жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*Ж.Омаров*

«КЕЛІСІЛДІ»:

«Жамбыл Сарысу мемлекеттік	облысы ауданының	Ішкі ішкі мекемесінің	істер істер	Департаменті бөлімі» бастығы
----------------------------------	---------------------	-----------------------------	----------------	------------------------------------

Б . Н ү р к е н о в

05 сәуір 2011 жыл

Жамбыл Қорғаныс бөлімі»	облысы істері мемлекеттік	Жанатас жөніндегі мекемесінің	қаласының біріктірілген бастығы
-------------------------------	---------------------------------	-------------------------------------	---------------------------------------

Е . Б а й д і л д а е в

05 сәуір 2011 жыл

«Жамбыл сақтау аудандық кәсіпорнының	облысы басқармасының ауруханасы»	әкімдігінің Сарысу коммуналдық бас	денсаулық орталық мемлекеттік дәрігері
---	--	---	---

Р . М ұ х а н о в

05 сәуір 2011 жыл